



Altan Bökеіhan: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

AQTOG'AI AJARY



1938 жылдың 15 тамызынан
бастан шығады

Aqtog'ai aýdandyq qoғамдық-saiatı basylım

www.facebook.com/a.ajary.kz

№ 16 (8045) 17 сәуір, Жұма 2026 жыл

aktogai_red@mail.ru

«Қарағанды
журналистикасын
дамытуға қосқан
үлесі үшін»



Халық үні – басты назарда

16 сәуір күні Қарағанды облысында «AMANAT» партиясының мобильді қоғамдық қабылдауы өтіп, оңір тұрғындарының өзекті мәселелері тыңдалды. Қабылдауға Қарағанды облыстық мәслихатының депу-

жатпаз Рысқали Әбдікерем және Алыпс Аманжолов қатысып, ауыл тұрғындарымен ашық диалог алаңын құрды.

Сонымен қатар, Үшарал елді

мекеме басшылығы тарапынан материалдық-техникалық базаны нығайту мәселесі көтерілді.

Сондай-ақ, аудан орталығындағы спорт кешенінде өткен кездесуде мекемелік басшылығы тарапынан материалдық-техникалық базаны нығайту мәселесі көтерілді.

леу және AMANAT партиясы жүзеге асырып жатқан Жол картасы бағдарламасының орындалу барысын бақылау болды. Осы бағытта нақты ұсыныстар жинақталып, тиісті жұмыстар жүргізілетіні атап өтілді. Жалпы алғанда, кездесулер ашық әрі нәтижелі форматта өтіп, тұрғындар өз ойларын еркін жеткізе алды. Халық тарапынан «AMANAT» партиясының



таттары Рысқали Әбдікерем және Алыпс Аманжолов қатысып, ауыл тұрғындарымен ашық диалог алаңын құрды.

Іс-шара барысында халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына қатысты бірқатар маңызды мәселелер көтерілді. Алғашқы кездесу Ақши ауылдық округінде өтіп, тұрғындар ауылға қатынамайтын жолдың жай-ынын сөз етті. Атап айтқанда, Қарағанды бағытындағы төсеме

мекенінің тұрғындары ауылдық клуб үйіне күрделі жөндеу жүргізу қажеттігін алағ тартты. Олардың айтуынша, мәдени нысан жаңартылса, ауылдағы түрлі іс-шаралар жоғары деңгейде өтіп, халықтың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік артар еді. Кездесу аудан орталығында жалғасын тауып, аудандық мәдениет үйінде тұрғындармен кең көлемде пікір алмасу өтті. Жиын барысында қойылған сұрақтарға



Атап айтқанда, автокөлік алу және жөндеу жұмыстарына қаржы бөлу қажеттігі айтылды. Мобильді қоғамдық қабылдаудың басты мақсаты – тұрғындардың өтініштерін қабылдау, олардың мәселелерін жергілікті жерде зерде-

жұмысына қанағаттанарлық баға беріліп, алдағы уақытта да осындай кездесулердің маңызы зор екені айтылды.

Г.Елеусізова,
Ақтоғай ауылы.

* Пікір

Конституция – ел тірегі, халық үні – басты бағдар

Ақши ауылында өткен Конституцияны талқылау жиынына қатысып, ауыл тұрғындарымен ашық пікір алмастым. Бұл кездесу – ел болашағына бейжай қарамайтын азаматтардың ойы мен ұсынысын тыңдауға мүмкіндік берген маңызды алаң болды.

Қазақстан Республикасының Конституциясы – мемлекетіміздің берік іргетасы, заң үстемдігінің кепілі. Сондықтан оны жетілдіру, заман талабына сай дамыту – баршамызға ортақ жауапкершілік. Ақши ауылының тұрғындары да бұл мәселеге бейжай қарамай, өз ойларын ашық айтып, нақты ұсыныстарын жеткізді.

Кездесу барысында әлеуметтік әділдік, ауыл инфрақұрылымын дамыту, жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін жетілдіру сияқты өзекті мәселелер көтерілді. Әсіресе, ауыл халқының тұрмыс сапасын жақсарту бағытындағы бастамалар кеңінен қолдау тапты.

Халықпен тікелей диалог – біздің басты міндетіміз. Әрбір айтылған пікір мен ұсыныс назарға алынып, тиісті деңгейде қарастырылатын болады. Себебі Конституция – тек заңдар жинағы ғана емес, ол – әрбір азаматтың құқығы мен болашағын айқындайтын маңызды құжат.

Алдағы уақытта да осындай кездесулер жалғасын табады. Ез бірлігі мен тұрақтылығы – баршамыздың ортақ мақсатымыз.

Дулат Ізбасаров,
Аудандық мәслихат депутаты.

Ата Заң – ел болашағының кепілі

Еліміздің басты құжаты – Конституцияны талқылау әрбір азамат үшін маңызды әрі жауапты іс деп есептеймін. Бұл – мемлекетіміздің дамуы мен болашағына тікелей әсер ететін, қоғамның барлық саласын қамтитын негізгі заң.

Конституция – кез келген тәуелсіз мемлекеттің ең басты құқықтық құжаты. Ол елдің саяси жүйесін, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттік органдардың қызметін айқындайды. Біздің еліміз үшін Қазақстан Республикасының Конституциясы – тәуелсіздігіміздің тұғыры мен тұрақты дамуымыздың негізі.

Кәсіпкерлер қауымдастығының өкілі ретінде айтарым, Конституцияда айқындалған заң үстемдігі, жеке меншікке қол сұқпаушылық және кәсіпкерлікті қолдау қағидағтары

бизнесінің тұрақты дамуына үлкен негіз қалайды. Сондықтан Ата Заңымыздың талаптарын сақтау мен оны жетілдіру – ел экономикасының ыңғайына жол ашады. Қазіргі таңда Конституция аясында жүргізіліп жатқан реформалар қоғамның сұранысына жауап беріп, әділетті әрі ашық мемлекет құруға бағытталған. Бұл өзгерістер кәсіпкерлер үшін де қолайлы орта қалыптастырып, халықтың әл-ауқатын арттыруға септігін тигізеді деп сенемін.

Сондықтан Конституцияны талқылау – тек заңгерлердің немесе мемлекеттік қызметкерлердің ғана емес, барша қоғамның ортақ міндеті. Әрбір азамат өз пікірін білдіріп, ел болашағына бейжай қарамауы тиіс.

Ермек Дуанбеков,
Ақтоғай ауданы кәсіпкерлері
қауымдастығы қоғамдық
бірлестігінің төрағасы.